



*Бигалиев Айтқожа
Бигалиұлы*

Ғалым-генетик, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жоғарғы Мектебі Ұлттық Ғылым Академиясының және Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Ұлы Британия экологтар қоғамының толық мүшесі Бигалиев Айтқожа Бигалиұлының 75 жылдық мерейтойына арналған

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГЕНЕТИКА МЕН ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬДЫ БИОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының ЖИНАҒЫ

Қазақстан, Алматы, 25 қаңтар, 2018 жыл

СБОРНИК

материалов международной научно-практической конференции **«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ГЕНЕТИКИ И ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ БИОЛОГИИ»**, посвященной 75-летию ученого-генетика, доктора биологических наук, профессора, академика Национальной Академии Наук Высшей Школы РК и Международной Академии Информатизации действительного члена Британского общества Экологов Бигалиева Айтхажса Бигалиевича

Казахстан, Алматы, 25 января 2018 года

COLLECTION

of the International Scientific-Practical Conference **«MODERN ISSUES OF ECOLOGICAL GENETICS AND CURRENT BIOLOGY»**
Dedicated to the 75th anniversary of the scientist-genetics, Doctor of Biological Sciences, Professor, Academician of the National Academy of High School of Republic of Kazakhstan and the International Academy of Informatization, ordinary member of British Ecology Society Bigaliyev Aitkhazha Bigaliyevich

Kazakhstan, Almaty, 25th of January 2018

КӨРУ ФУНКЦИЯСЫНДА ӨЗГЕРІСТЕРІ БАР СТУДЕНТТЕРДІҢ ТЕРІСІНДЕГІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТІ НҮКТЕЛЕРДІҢ ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ КӨРСЕТКІШІН АНЫҚТАУ

**Жұмәділла А.И.* , Кулбаева М.С., Тулеуханов С.Т.,
Қайрат Б.Қ., Гумарова Л.Ж., Үсіпбек Б.А., Алтай М.А.**

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**Email: aishat0705@mail.ru*

Адамның сезім мүшелерінің арасындағы аса маңыздыларының бірі – көз. Сыртқы ортадан адамның жүйке жүйесіне келіп түсетін ақпараттардың 90 %-ға жуығы осы көру қызметімен тығыз байланысты. Қазіргі таңда адамдардың компьютер, ұялы телефондар мен т.с.с. электронды гаджеттермен жұмыс істеуіне байланысты түрлі мәселелер туындауда. Қазіргі заманғы студенттердің ақпараттық технологиялармен күнделікті өмірде етене байланыс жасауы күн санап ұлғаюда. Алайда, оқу процесі мен балалардың өзара қарым-қатынасының компьютерленуінің артықшылықтарымен қатар өзіндік кемшіл тұстары да бар, мәселен, көру жүйесіне негативті әсер етуі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша қазіргі таңда Жер шарының шамамен 285 млн тұрғыны түрлі деңгейдегі көру қызметінің бұзылыстарынан зардап шегеді. Терідегі биологиялық активті нүктелердің биофизикалық ерекшеліктерін зерттеу барысында Г.Ф. Лакин терінің инактивті аумақтарымен салыстырғанда биологиялық активті нүктелер орналасқан жерлердегі температураның салыстырмалы жоғары болатындығын анықтаған. Осыған байланысты биологиялық активті нүктелердің температуралық көрсеткішін анықтаудың диагностикалық маңыздылығы зор.

Зерттеу жұмысына 19-22 жас аралығындағы студенттер алынды. Студенттер екі топқа бөліп зерттелді. Бірінші топқа көзінің өткірлігі $OU\ 1,0^D$; ал екінші топқа $OU - 2,0^D$ болатын жалпы 20 студент кірді. Зерттеу нысаны ретінде тері беткейіндегі адамның оң жақ және сол жақ бөліктерінде симметриялы орналасқан стандартты жүрек, өкпе, тоқ ішек, бүйрек, қуық, бауыр, көкбауыр, өт, аққазан меридиандарының ішінен биологиялық активті нүктелер жинақталып алынды. Терідегі биологиялық

активті нүктелердің (БАН) температуралық көрсеткіші «Био-темп-2» құрылғысымен өлшенді. Зерттеу барысында алынған барлық мәндердің статистикалық өңдеуі MS Excel 2010 бағдарламасын қолдана отырып жүргізілді. Зерттеулер биофизика және биомедицина кафедрасының «Хронобиология және экологиялық физиология» ғылыми зертханасында жүргізілді.

Студенттердің тері беткейіндегі симметриялы орналасқан оң және сол жақ биологиялық активті нүктелерінің температуралық көрсеткіштеріне сараптама жүргізілді. Нәтижесінде көзі қалыпты көретін студенттердердің биологиялық активті нүктелерінің температуралық көрсеткіші оң жақ бөлігінде орналасқан бионүктелер үшін $26,7 \pm 0,2 - 33,4 \pm 0,7^\circ\text{C}$ аралықтарында, ал сол жақ бөлігі үшін $27,4 \pm 0,4 - 33,2 \pm 0,6^\circ\text{C}$ аралықтарындағы мәндерді көрсетті. Ал тәжірибелік топтағы студенттерде бұл мән оң жақ бөлікте орналасқан бионүктелер үшін $28,8 \pm 0,1 - 34,5 \pm 0,3^\circ\text{C}$, ал сол жақ бөлікте орналасқан бионүктелер үшін $28,2 \pm 0,3 - 34,9 \pm 0,4^\circ\text{C}$ аралығында ауытқитындығы белгілі болды. Алынған нәтижелер көзінің өткірлігі қалыпты және көру қызметінде өзгерістері бар студенттердің симметриялы оң жақ және сол жақ биологиялық активті нүктелерінің температуралық көрсеткіштерінде аса айқындалған айырмашылықтың байқалмайтындығын көрсетті. Дегенмен, бақылау және тәжірибелік топтарды өзара салыстырғанда бүйрек, қуық, бауыр, көк бауыр, өкпе меридиандарына жататын биологиялық активті нүктелерде статистикалық сенімділікпен ($p < 0,05$) дәлелденген айырмашылықтар тіркелді.

Қорыта келе, көру қызметінде өзгерістері бар студенттердің биологиялық активті нүктелерінің температуралық көрсеткіштері көзінің өткірлігі қалыпты студенттерден алынған көрсеткішпен салыстырғанда 1°C шамасында жоғары болатындығы анықталды.

Алтай М.А., Кулбаева М.С., Аблайханова Н.Т., Кулбаев Т.Т., Бактыбаева Л.К., Тауасарова М.К., Жұмәділла А.И. ТОНЗИЛЛИТ АУРУЫНА ҰШЫРАҒАН СТУДЕНТТЕРДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ КҮЙІН ТЕРІДЕГІ БАН-НЫҢ ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ	58
Альмерекова Ш.С., Мухитдинов Н.М., Аbugалиева С.И. МОЛЕКУЛЯРНАЯ ФИЛОГЕНЕТИКА ЭНДЕМИКА ЗАИЛИЙСКОГО АЛАТАУ <i>OXYTROPIS ALMAATENSIS</i> ВАЖТ. НА ОСНОВЕ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТЕЙ <i>matK</i> И <i>trnH-psbA</i>	60
Атанбаева Г.К., Маутенбаев А.А., Исаева Н., Жұмабаева А. ЛИМФАҒА АЛЛОКСАННЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ	61
Әнуарбек Ш.Н., Аbugалиева С.И., Туруспеков Е.К. ФЕНОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗНООБРАЗИЕ КОЛЛЕКЦИИ СОРТОВ И ЛИНИЙ ТЕТРАПЛОИДНОЙ ПШЕНИЦЫ, ВЫРАЩЕННОЙ НА ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА	63
Байсеитова Н.М., Бозшатаева Г.Т. ТОПЫРАҚ ТҮЗДЫЛЫҒЫНЫҢ АСТЫҚ ТҰҚЫМДАС ДАҚЫЛДАРДЫҢ ӨСУІНЕ ӘСЕРІ	65
Баяхмет Б.Н., Есимсиитова З.Б., Аблайханова Н.Т., Манкибаева С.А., Абдисаламова Н. ТОНКОЕ СТРОЕНИЕ ЛЕГКОГО ПЕСЧАНКИ БОЛЬШОЙ В ЭКСПЕРИМЕНТЕ	66
Бекжигитов А. А. ТҮЗКОЛ КӨЛІ БАТПАҒЫНДАҒЫ <i>ARTEMIA SALINA</i> ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САНИТАРЛЫҚ – ГИГИЕНАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ.	68
Бигалиев М.Х., Домбай А., Кабылов Д., Садыков Т.К., Муканова У.А., Байменов Ш.Б., Байтөре Б. НАУЧНО- ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ТРАНСПЛАНТАЦИЯ ПОЧКИ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	70
Богуспаев К.К., Портной В.Х., Турашева С.К., Фалеев Д.Г., Муталханов М.С., Капытина А.С., Альнурова А.А. АНАЛИЗ ТРАНСКРИПТОМА И КЛОНАЛЬНОЕ РАЗМНОЖЕНИЕ РЕДКОГО ИСЧЕЗАЮЩЕГО ВИДА КАУЧУКОНОСА ТАУ-САГЫЗ (<i>SCORZONERA TAU-SAGHYZ LIPSCH, ET G.G. BOSSE</i>).....	72
Бражникова Е.В., Мукашева Т.Д., Игнатова Л.В. ОСОБЕННОСТИ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ МИКРОМИЦЕТОВ В НЕКУЛЬТИВИРУЕМЫХ ПОЧВАХ РАЗЛИЧНЫХ ТИПОВ	74
Гумарова Л.Ж., Кудайбергенов А.Ж. УРОВЕНЬ СЕРДЕЧНО- СОСУДИСТЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ	75
Данабекова Н.Ә. магистрант, Асрандина С.Ш. б.ғ.к., доцент. СТЕВИЯ ЭКСТРАКТЫСЫНЫҢ АМИНКЫШҚЫЛДЫҚ ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ	77

Даулет К.А., Есимситова Т.Б., Абдусаламова Н.И., Оскенбай Ж.С., Мырзаханова Н.А., Алентова Ф. ИЗУЧЕНИЕ ДЕЙСТВИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ НАГРУЗКИ СЕРДЦА КРЫС ПРИ РАЗЛИЧНЫХ ДИЕТАХ НА МОРФОЛОГИЧЕСКОМ УРОВНЕ	79
Джумашева Р.Т., Милджаралова А.Ж., Нурпеисова И.К. ОЦЕНКА АНТИОКСИДАТИВНОГО ПОТЕНЦИАЛА ЭКСТРАКТА КОРНЯ СОЛОДКИ В ТКАНЯХ ЛЕГКИХ КРЫС ПРИ ДЛИТЕЛЬНОЙ ИНГАЛЯЦИИ ПЫЛИ УРАНОВОЙ РУДЫ	81
Елтай Г., Есимситова Т.Б., Аблайханова Н.Т., Манкибаева С.А., Мукаш А. ИЗУЧЕНИЕ ДЕЙСТВИЯ ЭНТЕРОСОРБЕНТА «НИГО-2» НА МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ОРГАНИЗМА	83
Есимситова Т.Б., Аблайханова Н.Т., Туусунбекова Г. А., Жадарасын А.А., Елемес А.А. ВОЗДЕЙСТВИЕ ГИПОКИНЕЗИИ НА МОРФОСТРУКТУРНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ ПЕЧЕНИ КРЫС	84
Жадарасын А.А., Есимситова Т.Б., Манкибаева С.А., Елемес А.А., Естемирова Г. ИЗУЧЕНИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫХ ПРОДУКТОВ ПРИ ДЕЙСТВИИ РАДИАЦИИ НА СЕРДЦЕ КРЫС	86
Жұмәділла А.И., Кузбаева М.С., Тулеуханов С.Т., Қайрат Б.Қ., Гумарова Л.Ж., Үсінбек Б.А., Алтай М.А. КОРУ ФУНКЦИЯСЫНДА ӨЗГЕРІСТЕРІ БАР СТУДЕНТТЕРДІҢ ТЕРІСІНДЕГІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТІ НУКТЕЛЕРДІҢ ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ КӨРСЕТКІШІН АНЫҚТАУ	88
Ивашенко А.А., Амалова А.Ы., Курманбаева М.С., Турусепков Е.К. СЕМЕННАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ <i>TULIPA OSTROWSKIANA</i> REGEЛ КАК ОДИН ИЗ ПОКАЗАТЕЛЕЙ УСПЕШНОСТИ ИНТРОДУКЦИИ ВИДА	90
Ивашенко А.А. ДОПОЛНЕНИЕ К ФЛОРЕ ИЛЕ-АЛАТАУСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПАРКА	91
Избастина К.С., Курманбаева М.С., Базаргалиева А.А. <i>ANTHEMIS TROTZKIANA</i> ПОПУЛЯЦИЯЛАРЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ТАРАЛУЫ	93
Ишмуратова М. Ю. ОЦЕНКА ЖИЗНЕСПОСОБНОСТИ ЧЕРЕНКОВ РОЗЫ ПОСЛЕ КРИОЗАМОРАЖИВАНИЯ	95
Қасқабай Н.М., Сыдықбекова Р.К. <i>VACILLUS</i> ТУЫСЫНА ЖАТАТЫН БАКТЕРИЯЛАРДЫ ҮРІКТЕП АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘРТҮРЛІ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИТЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ	97
Құлымбетова А.О. магистрант, Асрандина С.Ш. б.ғ.к., доцент. СТЕВИЯМЕН БАЙЫТЫЛҒАН СҮТҚЫШҚЫЛДЫ ӨНІМНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ	99